

«Бекітемін»

«Аққайың» МДУ-ның

Меңгерушісі: у.м.а. С.К.Ярова

«30» 08 2019ж



пед кеңесте

№ «    » хаттамасы

«30» 08 2019ж

**Бағдарлама**  
**« Шығармашылық »**  
**« Айтамыз, көреміз және білеміз »**

Орындаған: К.Қ Шынбергенова

Сараптау комиссиясы 30.08.2019ж.  
күні

С.К.Ярова  
қолы

Т.С. Нұрмашева  
(Әдіскері)

2019 – 2020 оқу жылы

## Түсінік хат

Бағдарлама мектеп жасына дейінгі ересек жас тобындағы балаларға арналып құрылған. Апталық жүктемесі -1 сағат. Бағдарлама «Су», «Ауа» «Құстар» «Жәндіктер» «Сезім мүшелері», «Құм», «Ғарыш», «Тастар» сияқты шағын-шағын 10 бөлімге бөлінген. Әр бөлімде өлі-тірі табиғат құбылыстарына тоқталып, сол құбылыстардың сырын қарапайым зерттеу әрекеті арқылы, тәжірибе жасап көру арқылы балалардың көзін жеткізу, айтылған тұжырымдамаларды ізденушілік іс –әреттері арқылы дәлелдеп көрсету мақсатында құрылған. Бағдарлама барысында қолда бар материалдармен (құм,саз, су, тас, пластик қалбырлар мен басқа да тұрмыстық қалдақтарды пайдалану) тәжірибе жасау барысында балалар ойнап отырғандай сезімде болады. Ойын – тәжірибе барысында өздері зерттеп отырған объектісіндегі байқаған нәтижелерін өзара талқыға салу арқылы еркін диалог құру әдісімен, балалардың қорытынды шығара білуін үйрету мақсат етіп қойылып, осы бағытта жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі балалық шағында баланың танымдық белсенділігінің арқасында әр жас кезеңіне тән өзіндік ерекшелігі бар әлемнің алғашқы бейнесі туындайды. Мектеп жасына дейінгі баланың білімнің әр түрлі саласы мен қызмет түрлеріне деген қызығушылығын дамыту – оның дамуының құрамдас бір бөлік болып табылады. Баланың қоршаған ортаға қызығушылығы, барлық жаңаны меңгеру ниеті – бұл сапаның қалыптасу негізі. Осы жас кезеңінде баланың жеке қасиеттері барысында ойын іс-әрекетімен берілген білім, іскерлік, дағдыны меңгеру үреді сияқты танымдық іс-әрекеттері маңызды мағынаға ие болады. Осы мәселелерді шешуге қатысты болашағы басым әдістердің бірі – бала тәжірибесі болып табылады.

Біз өмір сүріп отырған әлем күрделі, сан қырлы және құбылмалы болып келеді. Адамдар – осы әлемнің бір бөлігі, олар барлығы үшін жаңа ойлардың туындысы, жаңа нысандар және құбылыстар мен қоршаған болмыстың заңдылығы. Олар арқылы әрбір адам өзі қалыптасқан әлем бейнесінің жиегіне айналады.



**«Айтамыз, көреміз және білеміз» танымдық бағдарламасының**

**перспективтік жоспары**

№	Тақырыбы	Мазмұны	Қолданатын әдіс-тәсілдер	
1.	«Микробтар және олармен күрес»	Өз денсаулығын күту туралы түсініктерін қалыптастыру; баланың шығармашылық қабілетін, қиялын, тану қызығушылығын дамыту; ауру бактериямен күресу жолдарымен таныстыру.	Әңгімелесу, тәжірибие жасау.	03.09.2019ж
2.	«Сиқырлы сезім әлеміне саяхат»	Көз, мұрын, құлақ, тіл сияқты сезім мүшелері туралы білімдерін бекіту. Тәжірибие арқылы әр мүше не үшін қажет екенін түсіндіру. Шығармашылық қиялын, ойлау қабілетін, тілін дамыту. Ағзасын күте білуге үйрету.	Әңгімелесу, бақылау, тәжірибие, логикалық пайымдауы.	11.09.2019ж
3.	«Көз біздің көмекшілеріміз»	Көздің құрылысы мен және қызметімен таныстыру. Көздеріне күтіп қарауға тәрбиелеу.	Тәжірибие, бақылау, әңгімелесу.	17.09.2019ж
4.	«Білімді мұрын»	Балаларды мұрын қызметімен таныстыру. Иістерді ажыратуға және ненің иісі екенін айта білуге жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.	Затты сезіп суретін табу.	25.06.2019ж
5.	«Жемістер : оларды қалай жеуге болады?»	Жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Жемістерден әр түрлі тәсілмен тағам дайындауды көрсету. Үлкендерге қол үшін беруге тәрбиелеу.	Суреттер қарау, әңгімелесу.	01.10.2019ж
6.	«Көкөністер және жемістер косметика сияқты»	Косметика құрамына жемістер мен көкөністеді пайдалануын көрсету.	Жеміс және көкөністермен тәжірибие	09.10.2019ж
7.	«Көкөністер және жемістер бояу сияқты»	Балалардың өсімдіктер, табиғи бояулар туралы білімдерін кеңейту. Тәжірибие арқылы бояу жасауға және матаны бояуға үйрету. Сөздік	Матаны лупа арқылы қарау	15.10.2019ж

		қорын молайту: «мақта», «бояулар». Айналадағы заттарға қастерлеп қарауға тәрбиелеу.		
8.	«Картоп»	Картоп туралы білімдерін кеңейту; картоптан крахмал жасауға үйрету; өз ойларын білдіруге, танымдық қызығушылықтарын дамыту; тұрақты назарға тәрбиелеу.	Әңгіме, дидактикалық ойын «Не қайда өседі?», картоппен сурет салу, зерттеу.	23.10.2019ж
9-10.	«Ненін тұқымы?»	Жемістер (көкөністер) туралы түсініктерін кеңейту. Жемістердің (көкөністердің) жалпы тұқым құрамын айыра білуге үйрету (дәнін). Жемістердің (көкөністердің) тұқым құрамын айтуға үйрету: дәні, қабыршағы.	Іздену, тұқымдарды қарау.	29.10.2019ж
11.	«Білгіштің зертханасы»	Күн сәулесін қалай көруге болатынын, жарық тіке сызықпен қозғалатынын және егер оның жолында кедергі болса сәуле жарығы тоқтайтынын түсіндіру, көрсету. Көлеңке қалай пайда болады және оның күнге қалай байланысты екенін түсіндіру. Ойлау, көру, есту қабілетін, тілін дамыту. Бақылай білу дағдысының дамуына тәрбиелеу.	Бақылау, ойын, фонарикпен тәжірибе жасау, көленке театры.	06.11.2019ж
12.	«Жерге неге барлық құлап жатады?»	Жерде тарту күші бар екенін тәжірибе арқылы балаларға түсіндіру. Ойлау қабілетін дамыту. Белсенділікке, еркіндікке тәрбиелеу.	Тәжірибе.	12.11.2019ж
13.	«Айна әлеміне саяхат»	Балаларды айна тарихымен таныстыру; айнаның пайдасы туралы білімдерін бекіту. Бақылауға, салыстыруға, қорытынды жасауға үйрету.	Жұмбақ, әңгіме, зерттеу, логикалық есептерді шешу.	20.11.2019ж
14.	«Не қалай	Заттардың суға бататын және	Бақылау,	26.11.2019ж



14.	«Не қалай жүзеді?»	Заттардың суға бататын және батпайтынын қабілеттерін салыстыру. Ойлау қабілетін дамыту. Қорытынды жасауға жаттықтыру.	Бақылау, тәжірибе.	26.11.2019ж
15.	«Жіп ханшайымы отбасын қалай киіндірді»	Мата қасиеттерімен таныстыру. Киім түрлеріне қарай мата тандау білуге үйрету. Қағаз және целлофан қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Ойлау қабілетін дамыту. Тәжірибе жасауға, ертегілерге қызығушылығын арттыру.	Матамен тәжірибе жасау, әңгіме.	04.12.2019ж
16.	«Сиқырлы тоқ»	Тоқ туралы білімдерін кеңейту. Қауіпсіздік ережесін бекіту. Қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру. Ұжыммен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Ойын, бақылау, көркем сөз.	10.12.2019ж
17.	«Магнит»	Магнит және оның қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Өз ойын ашық айтуға үйрету. Еркіндікке, бір-біне көмек беруге тәрбиелеу.	Әңгіме, тәжірибе жасау, теледидар пайдалану.	18.12.2019ж
18.	«Сапа мен қасиет»	Металдың сапасы мен қасиетін білуге үйрету. Магнитті металдан жасалған заттар ғана заттарды тартатыны туралы түсінік беру.	Жұмбақ шешу, ойын, ағаш және темір заттармен тәжірибе жасау.	24.12.2019ж
19.	«Тас пен саз өзгере ала ма?»	Саздың қасиеттерінің өзгеруін анықтау. (ылғалы, жұмсақ - бөлуге болады және қатты, құрғақ - бөлуге болмайды).	Заттарды зерттеп тәжірибе жасау.	15.01.2020ж
20.	«Су біздің көмекшіміз»	Су адамға қалай көмектесетінін түсіндіру. Тәжірибелік жұмысқа қызығушылықтарын арттыру.	Ойын, сумен тәжірибе.	21.01.2020ж
21.	«Сиқырлы су»	Бу қалай суға айналатынын көрсету. Ыстық суды пайдалану ережесімен таныстыру.	Бақылау, тәжірибе.	29.01.2020ж

22.	«Бірде қар, бірде мұз...»	Су туралы білімдерін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту. Қорытынды нәтиже шығаруға, бірігіп жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Бақылау, тәжірибе, суреттер қарау.	04.02.2020ж
23.	«Түрлі – түсті сүңгірлер»	Су қасиеттері туралы білімдерін кеңейту.		12.02.2020ж
24.	«Ауа қайда болады?»	Балалардың ауа туралы түсініктерін, қасиеттері туралы және адам өміріндегі қандай роль атқаратыны туралы білімдерін бекіту. Ойлау қабілетін дамыту. Балалардың өздері жасаған тәжірибеге қызығушылығын арттыру.	Ойын, тәжірибе.	18.02.2020ж
25 - 26.	«Қырсық ауа»	Тығыз ауа аз орын алады және күшімен заттарды қозғалтатынын көрсету.	Бақылау, ойын, тәжірибе.	26.02.2020ж
27.	«Саяхат»	Ауа туралы білімдерін бекіту. Жердегі барлық тіршілікке ауаның маңыздығын көрсету. Сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	«Ауа көлігі» папкасын қарау, дидактикалық ойын «Ұшады-ұшпайды», жұмбақ шешу.	03.03.2020ж
28.	«Жаңғырық қайда тұрады»	Тәжірибе арқылы балаларға жаңғырық қалай пайда болатынын көрсету.	Сұрақ-жауап	11.03.2020ж
29.	«Құстар туралы не білеміз?»	Құстарға сипатама беру, бір бірінен ажыратуды білу. Тәжірибе арқылы балаларға суда жүзетін құстар туралы қосымша мәлімет беру.	Жұмбақ шешу, әңгімелесу, ойын.	17.03.2020ж
30.	«Неге құстар ұша алады?»	Кейбір құстардың сыртқы ерекшеліктеріне назар аудару.	Қағазбен тәжірибелік жұмыс.	25.03.2020ж
31.	«Орбитада»	Орбитада спутникты не ұстайтынын анықтау.	Бақылау.	31.03.2020ж



32.	«Қара қоңыр ғарыш»	Тәжірибе арқалы ғарыш неге қара қоңыр болатынын көрсету.	Бақылау.	08.04.2020ж
33.	«Негып маса шик етеді, ал ара ызындайды»	Балаларға дыбыстардың неге жоғары және төмен болып шығуын тәжірибе арқылы көрсету.		14.04.2020ж
34.	«Көбелектерге қалай тығылуға болады?»	Кейбір жәндіктердің сыртқы түрлеріне қарай ерекшеліктерін табу.	Ойын, бақылау.	22.04.2020ж
35.	«Кемпірқосақ – су атқыштар»	Білімпаздыққа , еркіндікке тәрбиелеу. Балалардың көңіл күйлерін көтеру.	Ойын.	28.04.2020ж
36.	«Құммен ойын»	Құмның қасиеттерін бекіту. Сөздік қорларын молайту. Ойындарға қызығушылықтарын арттыру.		06.05.2020ж

## «Айтамыз, көреміз және білеміз» бағдарламасына

### ШҚІР

Бағдарлама мазмұны ересек жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне және жаңа заман педагогикасы талаптарына орай құрылған. Жоспарланған тақырыптар қарапайым және қолда бар құралдарды пайдалана отырып тәжірибелік-зерттеу жұмысын жүргізуге негізделген. Жоспарлау барысында тәрбиеші тәжірибелік әрекеттерді қарапайымнан бастап барған сайын күрделендіру принципін қолданған. Жүктемесі аптасына - 1 сағат.

Мақсаты: Өлі-тірі табиғат құбылыстарын қарапайым, қолжетімді құралдар арқылы зерттеу, тәжірибе жасау арқылы дәлелдеп көрсету, қорытынды шығару.

Міндеті: Табиғатты қорғауға, бағалауға, қастерлеуге тәрбиелеу, көрген-білгендерінен қорытынды шығара және өз өмір тәжірибелерінде қолдана білуге баулу; зерттеушілік, ізденушілік әрекетке деген қызығушылықтарын ояту. Бағдарлама қажетті құжаттармен қамтамасыз етілген.

Бұл бағдарлама ҰОҚ бірнеше саласын қамтиды. «Таным» және «Әлеуметтік орта» салалары бойынша пайдалануға болады. Сонымен қатар ата-аналармен тығыз жұмыс орнатып, тәжірибе үшін қажет материалдар мен құралдарды жинақтауда, үйде де тәжірибе жасап байқауына басшылық жасауды ұсынуды болады.

Бағдарламамен жұмыс жүргізуді жоспарлау барысында әрбір бөлім бойынша ата-аналарды таныстыру жұмыстары жүргізіліп, тәжірибе жасау үшін қажет материалдарды жинақтау мақсатындағы жұмыс жоспарланып, алдағы уақытта ата-аналар үшін ашық сабақ немесе ашық есік күні ұйымдастырылуы қажет деп санаймын..



## Қолданылған әдебиеттер:

1. Марудова Е.В. Мектепке дейінгі балаларды айналадағы табиғатпен таныстыру. Тәжірибе. – Санкт-Петербург, 2010.
2. Иванова А.И. Балабақшадағы тәжірибе және экологиялық бақылауды ұйымдастыру әдістемелігі. – М.: ТЦ «Сфера», 2004.
3. Иванова А.И. Балабақшадағы тәжірибе және ғылыми-табиғи бақылау. – М.: ТЦ «Сфера», 2004.
4. Дыбина О.В., Рахманова Н.П., Щетинина В.В. Неизведанное рядом. М.: ТЦ «Сфера», 2004.
5. Дыбина О.В. Заттар неден жасалған. – М.: ТЦ «Сфера», 2005.
6. Выготский Л.С. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылығы мен қиялы. – СПб.: Союз, 1997.
7. Нусупбекова М.И., Сейлгазинова С.А. Валеология негіздері. – Алматы кітап, 2012.
8. Коломина Н.В. Балабақшадағы экологиялық мәдениетін тәрбиелеу негізі. – М.: ТЦ «Сфера», 2004.
9. Рыжова Н.А. Көрінбейтін ауа. – М.: 1998.
10. Манкеш А.Е. Айналаны қоршаған орта. Экология. – Алматы кітап, 2009.
11. Мотылевой Э.И. Большая книга экспериментов для школьников. – М.: 2012.
12. Еликова С.Ф., Вязовая О.И., Москаленко Е.А. Мен және айналадағы табиғат. – Көкшетау, 2010.
13. Мектепке дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесі. – М.: 2010.
14. Мектепке дейінгі балаларға тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру. – М.: «Аркти», 2003.
15. Ананьев Б.Г. Сезім тану психологиясы. – М.: Просвещение, 1960.
16. Анашкина Е.Н. Құстар туралы 300 сұрақ пен жауаптар. – Ярославль, 1998.
17. Анашкина Е.Н. Жәндіктер туралы 300 сұрақ пен жауаптар. – Ярославль, 1998.